

**Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № А-3/152 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 мамырда № 1-17-174 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № А-1/259 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 02.07.2015 № А-1/259 (қол қойған күннен бастап қүшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № А-2/55 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Целиноград аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 наурыздағы № 14/2-5 "Целиноград ауданының ауылдық (селолық) жерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін келісу туралы" шешіміне сәйкес, Целиноград ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.**

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № А-2/55 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**2. Осы қаулының орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімінің орынбасары Б.А.Жанбаевқа жүктелсін.**

**3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.**

Целиноград ауданы әкімдігінің  
2012 жылғы 24 сәуірдегі  
№ А-3/152 қаулысына қосымша

**Целиноград ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Қосымшаның атауы жана редакцияда - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № А-2/55 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:**

- 1) қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 3) қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 5) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің менгерушісі;
- 6) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 7) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 8) консультант.

## **2. Білім мамандарының лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 3) қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 4) қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 5) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
- 6) тәрбиеші;
- 7) әдістемеші;
- 8) музыкалық жетекші;
- 9) психолог;
- 10) хореограф;
- 11) жетекші;
- 12) кітапхана менгерушісі;
- 13) кітапханашы;
- 14) медициналық бике;

15) емдәм бикесі;

16) зертханашы.

### **3. Мәдениет және спорт мамандарының лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 2) қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 3) мәдени үйымдастырушы;
- 4) кітапханашы;
- 5) әдістемеші;
- 6) библиограф;
- 7) дыбыс режиссері;
- 8) хореограф;
- 9) музикалық жетекші;
- 10) көркемдік жетекші;
- 11) аккомпаниатор;
- 12) кітапхана менгерушісі;
- 13) клуб менгерушісі.